



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мерзімінен бұрын босату;

- ШИЗО, карцерге орналастыру;
- ПКТ ауыстыру;
- Жалғыз камераға ауыстыру;
- Заңды қызығушылықтары мен құқықтарының бұзылуы;
- Гомосексуалды байланысқа күштеп бейімдеу;
- Сотталушылардың көркемөнер ұйымдарына қатысуға тарту;
- Түзету мекемелері және т.б. «мәжбүрлі» бірлесу жағдайы.

Қолданылған әдебиет

1. Берно-Беллекур И.В. Социально-психологические аспекты аутодеструктивного поведения. – СПб, 2003.- С. 197.
2. Польская Н.А. Предикторы и механизмы самоповреждающего поведения. Психологический журнал. 2009.-№1(43) – С. 96–105.
3. Turp M. Hidden Self-Harm: Narratives from Psychotherapy. London: Jessica Kingsley Publishers Ltd, 2002.- p.9-16.
4. Farberow NL. Indirect self-destructive behavior: Classification and characteristics. Norman L. Farberow (Ed.). The Many Faces of Suicide. New York: McGraw-Hill Book Company.1980.-P.12-13.
5. Simpson MA. Self-mutilation. Philadelphia: Temple University Press.1980.-P.18-19.

УДК 159.947.5 : 159.923

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ МОТИВАЦИЯСЫ

Манасбаева Арай Исембайқызы

manasbaeva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі, Астана, Қазақстан

Мақаланың мақсаты – әлеуметтік жұмыс бағытындағы студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының мазмұнын талдау. Жұмыстың әдісі және әдіснамасы – ғылыми зерттеулерді, әдебиеттерді талдау, студенттерге зерттеу жүргізу. Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивациялық сферасы көпкомпонентті және түрлі деңгейлі болып табылады. Бірінші курс студенттерінен бесінші курс студенттеріне дейін танымдық және әлеуметтік мотивтердің бір деңгейінен келесі деңгейіне біртіндеп өту байқалады. Мотивациялық сфераның ішкі құрылымдық динамикасына әсер етуші факторларға оқу іс-әрекеті мен тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру, қарым-қатынас ситлі, оқу түрлері мен формалары жатады.

Кілт сөздер: мотивация, оқу іс-әрекеті мотивациясы, мотив, білім алу мотивтері, тұлғаның мотивациялық сферасы, әлеуметтік жұмыс мамандығы студенттерінің оқу іс-әрекеті мотивтері.

Жоғарғы оқу орнындағы оқу үрдісінің тиімділігі студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының, болашақ кәсіптерін меңгеру мотивациясының жоғарылығымен тікелей байланысты. Білім берудегі негізгі ерекшелік, білім алушыны оқуға мәжбүрлеу мүмкін емес, оларда оқу іс-әрекеті мотивациясы, оқуға деген ниеттері болуы қажет. Мотивацияны және құндылық бағдарларды қалыптастыру тұлға дамуының бөлінбес бөлігі болып табылады. Оқу мотивациясы құрылымының қалыптасу үрдісі жоғарғы оқу орнында оқудың алғашқы күндерінен басталады, ал оқу тиімділігі әрбір нақты жағдайдағы мотивация күші мен құрылымына байланысты.

Оқу іс-әрекеті мотивациясы – жаңа білімдер алуға итермелеуші, оятушы бағытталған іс-әрекет. Ол алдыға қойылған мақсатқа жетудегі жетістіктің негізгі факторларының бірі.

Әлеуметтік жұмыс бағыты бойынша кәсіби іс-әрекетке дайындауда өзіне тән құндылықтары, қызығушылықтары, қажеттіліктері бар тұлға қалыптастыруға аса назар аударылады. Ал олар өз кезегінде кәсіби іс-әрекет мотивтері мен мақсаттарын анықтайды.

Мотивация болмысын, табиғаты мен құрылымын түсінудегі көптеген бағыттар, сонымен қатар зерттеу әдістері Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, Р.С. Немов, К.К. Платонов, А.А.Реан, Я.Л. Коломинский және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Студенттердің оқу іс-әрекеті мотивацияларын зерттеу және ұйымдастыру мәселелері А.А. Баранов, О.С. Гребенюк, Н.А. Исаева, А.Р. Кудашев, Т.В. Кудрявцев, А.К.Маркова, А.М. Матюшкин, Н.И. Мешкова, А.А. Реан, В.И. Слободчиков, А.В. Сухарев және т.б. еңбектерінде берілген.

Әлеуметтік жұмыс мамандарын кәсіби дайындау, кәсіби-тұлғалық даму ерекшеліктері, кәсіби біліктілігінің қалыптасуы және кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселелері Н.Ш. Валеева, И.В. Воробьева, Н.Н. Галагузова, Н.В. Долматова, В.И. Жуков, О.А. Овсяник, Н.М. Платонова, Н.А. Ручкова, Л.В. Топчия, Н.Б. Шмелева, С.Д. Чиганова, Е.Р. Ярская-Смирнова және т.б. жұмыстарында қарастырылады.

«Мотивация» түсінігі заманауи психологияда екі мағынада қолданылады: мінез құлықты детерминдеуші факторлар жүйесі ретінде және мінез құлық белсенділігін белгілі деңгейде стимулдаушы және қолдаушы үрдістің сипаты ретінде.

Сонымен, мотивацияны адам мінез құлқын, оның қайнар көзін, бағыты мен белсенділігін түсіндіруші психологиялық сипаттағы себептер жиынтығы ретінде анықтауға болады. Мотивация жайлы түсінік мінез құлықты сипаттауда емес, түсіндіруде пайда болады. Бұл «неліктен?», «қандай мақсатта?», «не үшін?», «қандай мағына?»... сияқты сұрақтарға жауап іздеу. Тұрақты мінез құлық өзгерістерінің себептерін анықтау және сипаттау, бұл мінез-құлықтағы әрекеттер мотивациясы жайлы сұраққа жауап [1].

Оқу мотивациясы оқу, білім алу іс-әрекетіне кіретін мотивацияның жеке түрі ретінде анықталады. Оқу мотивациясы тұрақты түрде өзгеріп отыратын және бір-бірімен жаңа қатынастарға түсіп отыратын түрткілер қатарынан тұрады (оқу қажеттілігі және мағынасы, оның мотивтері, мақсаттар, эмоциялар, қызығушылықтар). Сондықтан мотивацияның қалыптасуы бұл жай ғана оқуға деген жағымды қатынастың өсуі немесе теріс қатынастың күшеюі емес, олардың артында мотивациялық сфера құрылымының, оған кіретін түрткілердің күрделенуі, олардың арасында жаңа жетілген, кей кезде қарама-қайшы қатынастардың пайда болуы [2, 14]. Осыған сәйкес, оқу іс-әрекеті мотивациясын талдауда адамның мотивациялық сферасындағы басым түрткіні (мотивті) анықтап қана қоймай, оның бүкіл құрылымын да есепке алу қажет [3, 225].

Мотивация ұғымының қазіргі психологиялық түсініктері негізінде мотивация (В.К.Виллюнас, В.И.Ковалев, Е.С.Кузьмин, Б.Ф.Ломов, К.К. Платонов және т.б.) А.А.Реан авторлармен бірге тұлғаның мотивациялық сферасы ретінде ең алдымен адамның өзінің бағыттылығын білдіретін, белгілі иерархияға ие тұрақты мотивтер кешенін түсінеді [4, 117].

Заманауи психологияда мотивті түсінудегі ортақ бағыттың ұқсастықтарымен бірге біршама айырмашалықтар да бар. «Мотив» ұғымының анықтамасының өзі белгілі ғылыми мәселе болып табылатындығын да айта кету керек. Кейбірі мотив ретінде әрекетке оятушы болатын психикалық құбылысты түсінсе [5], басқалары тұлғаның әрекеттерді таңдауы негізінде жатқан саналанған мәселе ретінде түсінеді. Сонымен қатар, мотив бұл адам миында көрініс таба отырып, іс әрекетке итермелейді, белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағыттайды деп те түсінеді. Сонымен бірге, мотивке қажеттіліктің өзі емес, қажеттіліктің пәні жататындығын аса баса айтады [6].

Студенттердің білім алудағы мотивациялық сферасын анықтау үшін А.А. Реан және В.А.Якунин мотивацияның келесі типтерін ұсынады: 1) жоғары білікті маман болу; 2) диплом алу; 3) келесі курстарда сабақты жетістікті түрде жалғастыру; 4) жақсы оқу, емтиханды «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға тапсыру; 5) әрдайым шәкіртақы алып тұру; 6) терең және мықты білім алу; 7) кезекті сабақтарға әрдайым дайын болу; 8) оқу

кезеңіндегі пәндерді жіберіп алмау; 9) курстастарынан қалып қоймау; 10) болашақ кәсіби іс әрекеттің жетістікті болуын қамтамасыз ету; 11) педагогикалық талаптарды орындау; 12) оқытушылардың құрметіне лайық болу; 13) курстастарыма үлгі болу; 14) ата аналарының және қоршағандардың мақұлдауын алу; 15) нашар оқу үшін айыптаулар мен жазалаулардан қашу; 16) интеллектуалды қанағат алу [7].

Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай, «әлеуметтік жұмыс» мамандығы студенттерінің мотивтерінің мазмұнын анықтау үшін Астана қаласының жоғарғы оқу орнында оқитын «әлеуметтік жұмыс» мамандығының бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс студенттеріне зерттеу жүргізілді. Психодиагностикалық зерттеу құралы ретінде «Оқу іс әрекеті мотивтерін зерттеу әдістемесі» (А.А. Реан, В.А. Якунин) қолданылды. Зерттеуге 17-23 лет жас аралығындағы «әлеуметтік жұмыс мамандығының» 57 студенті қатысты.

«Оқу іс әрекеті мотивтерін зерттеу» (А.А. Реан, В.А. Якунин) әдістемесі арқылы алынған мәліметтерді талдау үшін бүкіл таңдама бойынша маңызды болып табылатын мотивтерді таңдау жиілігі анықталды. Алынған нәтижелер негізінде таңдама жиынтығындағы мотивтердің рангілері анықталды (1 кесте).

№1 кесте. «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттері үшін маңызды болып табылатын оқу іс-әрекеті мотивтерін таңдау нәтижелері

Мотивтің реттік №	Мотивтерді таңдау саны	Кемуі бойынша мәліметтер	Жиілігі f	Мотив рангі R
1	48	48	1	1
2	45	45	2	2,5
3	9	45		2,5
4	17	41	1	4
5	10	33	1	5
6	41	24	1	6
7	3	17	1	7
8	1	10	1	8
9	2	9	1	9
10	45	4	1	10
11	2	3	1	11
12	4	2	2	12,5
13	1	2		12,5
14	33	1	2	14,5
15	-	1		14,5
16	24	0	1	16
				$\Sigma=136$

Зерттеу мәліметтерін талдау нәтижесінде, «әлеуметтік жұмыс» мамандығы студенттерінің келесідей 6 жетекші оқу іс-әрекеті мотивтері анықталды:

I орынды «жоғары білікті маман болу» мотиві – 16,8;

II орынды «диплом алу» және «болашақ кәсіби іс әрекеттің жетістікті болуын қамтамасыз ету» мотивтері – 15,7% (әрқайсысы);

III орынды «терең және берік білім алу» мотиві – 14,3%;

IV орынды «ата аналарым мен қоршағандардың мақұлдауын алу» мотиві – 11,5%;

V орынды «интеллектуалды қанағат алу» мотиві – 8,4%;


VI орынды «жақсы оқу, емтиханды «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға тапсыру» мотиві – 5,9%;

Ал, «әрдайым шәкіртақы алып тұру», «келесі курстарда сабақты жетістікті түрде жалғастыру», «оқытушылардың құрметіне лайық болу», «кезекті сабақтарға әрдайым дайын болу», «курстастарыма үлгі болу», «педагогикалық талаптарды орындау», «курстастарымнан

қалып қоймау», «оқу кезеңіндегі пәндерді жіберіп алмау» мотивтері бұл таңдау тобы үшін аса маңызды емес болып табылды.

Алынған мәліметтерге сапалық талдау жасайтын болсақ, зерттеушілерде оқу іс- әрекеті мотивациясының толық қалыптасқандығы жайлы қорытынды жасауға болады. Бұл студенттердің таңдаған мамандықтарына, болашақ кәсіптеріне деген сенімнің болуы, жоғарғы оқуға түскен кезде болашақтарын

№2 сурет. «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттері үшін маңызды болып табылатын оқу іс-әрекеті мотивтерін таңдау нәтижелерінің диаграммасы



Сонымен қатар, айта кететін жайт, студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясы оқу барысында бірқатар өзгерістерге ұшырап, курстан курсқа өткен сайын өзіндік динамикасы байқалады.

1 курс студенттері үшін жоғарыда аталған мотивтердің ішінде, «ата аналарының және қоршағандардың мақұлдауын алу» (1 курс студенттерінің 15,7%) мотиві аса маңызды болып табылады. 1 курс студенттері жоғары білім орнына келгендеріне азғантай уақыт болғандықтан, олардың Бірегей ұлттық тест тапсыру, жоғарғы оқу орнын таңдау жайлы

естеліктері әлі де жадыларында сақталып қалған. Жоғарғы оқу орнына түсу бұл абитуриент үшін стресс болып табылады. Бұл жерде ата-аналарының, мектептегі мұғалімдерінің, туысқандарының үміттерін ақтауға ұмтылыстары маңызды рөл ойнауда. Енді олар беделді жоғарғы оқу орнының студенттері атанған кезде, ата-аналарының олардың оқуға түсуі үшін көптеген күш, қаржы жұмсағандарын түсініп, ойлануда. Осыда барып, жақсы оқу, емтиханды «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға тапсыруға ұмтылыстары осыдан болар.

2 курс студенттері үшін жоғары аталған мотивтердің ішінде «терең және мықты білім алу» (2 курс студенттерінің 15,5%) және «болашақ кәсіби іс-әрекеттің жетістікті болуын қамтамасыз ету» (2 курс студенттерінің 20%) мотивтері ерекше орын алуда. Үшінші семестрде оқу бағдарламасына мамандану бойынша пәндер қосылады, сондықтан да 2 курс студенттерінің басым бөлігі өздерінің алған білімдері мен ептіліктері болашақта еңбекке орналасқан кезде қажет болады деп есептейді.

4 курс студенттері үшін жоғарыда аталған мотивтердің ішінде «интеллектуалды қанағат алу» (4 курс студенттерінің 13,8%),) мотивтері аса маңызды. Жоғарғы курс студенттері мақала жазу, ғылыми зерттеу жүргізу, жоба қорғау істерімен шұғылдануды бастағандықтан, оларда кәсіби қызығушылық сферасы пайда болады, сондықтан да кәсіби оқытушылармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі олар үшін қажетті ғана емес, сонымен бірге қызықты да бола бастайды.

Зерттеу нәтижелері «әлеуметтік жұмыс» мамандығы студенттерінің оқу іс-әрекеті мотивациялық сферасы жеткілікті деңгейде қалыптасқан және оқуға деген ынталары мол екендігін білдіреді.

Әдебиеттер талдамы мен зерттеуіміздің нәтижесінде студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясын қалыптастыру, есепке алу және талдау жүйелі түрде және студент тұлғасы дамуының әр кезеңінде жүргізілу қажет екендігі жайлы айтуға болады. Және, бұл зерттеу студенттердің жоғарғы оқу орнындағы оқу іс-әрекеті мотивациясы және оны қалыптастыру амалдары жайлы түсінігімізді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

1. Немов Р.С. Психология. К. 1. Общие основы психологии. – М.: ВЛАДОС, 1998. – 688 с.
2. Формирование интереса к учению у школьников / Под ред. А.К. Марковой. – М.: Просвещение, 1986.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2000. – 384 с.
4. Реан А.А. Психология адаптации личности. Анализ, теория, практика / А.А. Реан, А.Р. Кудашев, А.А. Баранов. – СПб: Прайм - ЕВРО-ЗНАК, 2006. – 479 с.
5. Платонов К.К. Краткий словарь системы психологических понятий. – М.: Высшая школа, 1984.
6. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы и эмоции. – М.: Изд-во Моск. Унта., 1971.
7. Реан А. А., Коломинский Я.Л. Социальная педагогическая психология. – СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 416 с.

УДК: 616.89-008,19-053,5

ПРОБЛЕМЫ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО НАРУШЕНИИ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Мирходжаева Дилором Батыровна

Преподаватель кафедры «Профессиональной образованности»
Ташкентский институт текстильной и легкой промышленности
Научный руководитель – Б.М. Умаров

Поступление в школу изменяет эмоциональную сферу ребенка в связи с расширением